

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VRY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

***Қ. Қ. Сарекенова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША ТЕЗАУРУСТЫҚ ТАЛДАУ

Бұл мақалада қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармалары бойынша ғылым-білімнің нәтижесі жайында тезаурустық талдау жасалып, ойшыл-ақынның ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігі айқындалған. Абай Құнанбайұлы ғылым мен білімді жай ғана сауатты болу үшін емес, оған белгілі бір нәтижені айқындап бергендігін және білім мен ғылымды үйренудің басты екі мақсатын көрсеткені айтылған. Оның бірі – Абай шығармаларының басты концепциясы «кемел адам» болу үшін қажет екендігі, екіншісі білім мен ғылым арқылы Қазақтың Тәуелсіздігіне қызмет ету керек екендігі ақынның өлеңдері мен Қара сөздерін арқылы дәлелденеді. Абай Құнанбайұлы шығармаларында келтірілген ғылым мен білімге қатысты тұжырымдардың қазіргі таңда да күн тәртібінен түспеген өзекті мәселелер екені қазіргі жағдаймен салыстырыла зерделенеді. Абай Құнанбайұлы шығармаларында білім мен ғылымға қатысты сөздерге тезаурустық талдау жүргізіліп, олардың мағыналары мен қолданылу жиілігіне статистикалық мәліметтер келтірілген. Қорытындылай келгенде, мақалада ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерінде Ғылым мен білім мәселесінің алар орны ерекше екендігі анықталған. Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «АР09259039 – Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Кілтті сөздер: қазақ, Абай Құнанбайұлы, Қара сөздер, өлең, білім, ғылым, сөз мағынасы.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының шығармаларында ең негізгі тірек ойдың бірі – ғылым мен білім. Жалпы кез келген адам, кезген келген ұлт дұрыс өмір сүру үшін, ең алдымен ғылым мен білім керектігін ойшыл ақын дөп басып айтқан.

Хакім Абайдың қара сөздерінде де, Ақын Абайдың өлендерінде де тірек ұғымның бірі ғылым мен білімді сол заманға қатысты жақсы түсіндіріледі. Әйтсе де қазақтың ұлы ақынының айтқан ойлары қазіргі уақытта да өзекті.

Абай Құнанбайұлының еңбектері бойынша Ғылым мен білімге қатысты қандай мәселелерді қарастыруға болады десек, мынадай мәселелерді көрсетуге болады деп ойлаймыз. Түзілген тезаурус бойынша, алдымен, Ұлы ойшыл-ақын үшін Ғылым мен білім дегеніміз не, яғни оған қандай анықтама беруге болады? Ары қарай, анықтамасын біліп алғаннан кейін Ғылым мен білімге қол жеткізудің жолдары, Зерттеудің әдістері, Ғылымның салалары, Ғылым мен білім нәтижесі, Ғылым мен білімді сақтау жолдары, Ғылым мен білімді сақтауға кесірін тигізетін нәрселер мен Ғылым деген кім деген мәселелердің ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының Қара сөздері мен өлендері арқылы түсіндіруге болады деп ойлаймыз.

Біз бұл мақаламызда Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің пәні мен нысанын және оның қандай мақсатта пайдалануға болатынын түсіндіруге тырыспақпыз.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазу үшін материал ретінде 2002 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан шыққан Абай Құнанбайұлының шығармаларының екі томдық толық жинағы пайдаланылды.

Мақалада салыстырмалы-тарихи, диахрониялық-синхрониялық, психолингвистикалық, лингвомәдени, когнитивтік, коммуникативтік әдістер, статистикалық әдістердің элементтері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи, әдіс арқылы ғылым мен білім ұғымының генезисі мен олардың басқа тілдердің лексикасымен байланысы қарастырылды. Сондай-ақ бұл әдіс арқылы қазақ тілінің тарихи қалыптасқан варианттары (көне варианты мен жаңа варианты) бір-бірімен салыстырылады. Мақала кешенді тәсілде жазылды. Ғылымтанудың қағидасы бойынша, жаңалық әрқашан ғылымдардың не болмаса салалардың түйістерінен келіп шығады. Осы қағидаға сүйенсек, кешенді әдісті қолдану арқылы психолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика мен Абай шығармаларының мәтіндерін пәнаралық әдістер арқылы зерделенді. Сонымен қатар зерттеудің сипаттамалық әдісі арқылы Абай шығармаларындағы ғылым мен білімге қатысты тілдік фактілер теріліп алынып талданды, синтезделді. Бұл әдіс арқылы, біріншіден, нысанға алынған мәтіндердің құрылымы анықталды, екіншіден, ғылым мен білімге қатысты семантикалық сипаттар айқындалды. Тілтану мен философияның, таным теориясының әдістерін байланыстырып зерттеу арқылы Абай шығармаларындағы ғылым мен білімнің концептуалдық, дүниетанымдық маңызы айқындалады.

Нәтижелер мен талқылау

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігін Ахмет Байтұрсынұлының пікірімен келтірсек: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, тайсақтап, тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюс, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған [1]. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған, сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар», – дейді, кезінде «Қазақтың бас ақыны» деп мақала жазған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы [2, 593 б.].

Ғұлама Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ең негізгі тақырып Ғылым мен білім екенін «Абай тілінің сөздігіндегі» сөздердің қолданылу жиілігінен де көре аламыз. Алу, беру, болу секілді қазақ тіліндегі ең белсенді қолданылатын етістіктерді айтпағанда, Адам, бала секілді зат есімдерден кейінгі орында тұрған осы ғылым, білім сөздері екендігіне көзіміз жетті. Мысалы, «Ақыл» сөзі – 199 рет, білім – 31 рет, білімді – 8 рет, ғалым – 15 рет, ғылым – 111 рет, ғылым-білім – 4 рет жеке тұрған сөз ретінде пайдаланылған. Бұл біз негізгі сөздерді ғана келтірдік, білім мен ғылымға қатысты сөздерді барлығын келтірсек, бұл тізімді ары қарай толықтыра беруге болады [3].

Ғылым мен білімнің нәтижесі. Ғылым мен білімнің нәтижелері туралы Абай Құнанбайұлының қырық үшінші Қара сөзінде келтіріледі.

Ғылым мен білімді меңгерген адам әділетке қол жеткізеді. Яғни Ғадалатқа жету дегеніміз, өз өміріне жауапкершілікпен қарап, не нәрсені де адамгершілікпен шешу. Яғни Абай Құнанбайұлы шығармаларының негізгі концепциясы **«ТОЛЫҚ АДАМ»** болу, ол он жетінші Қара сөздегі Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің Ғылымға келіп жүгінуі, бұл жерде адамның өз өміріне, өзіне өзі қожалық етуіне келіп тіреледі екен, яғни рухани тәуелсіздікке қол жеткізеді. Енді осы Он жетінші Сөзді түгел келтіргіміз келіп отыр. Бұл жерде негізгі концепция ашылып, Ғылымның нағыз мақсатына жетуі туралы айтылған:

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің, дүниеде ешнәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын; әуелі, ғылым, өзінді білуге, ерінбей-жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек – менің ісім. Құдайға лайықты

ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?», – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?», – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алааламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

«Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдан да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті.

«Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман», – депті.

«Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім», – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

«Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіне жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін де жүрекке билет», – деп ұқтырып айтушының

аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті.

Осы он жетінші Сөзді Абай Құнанбайұлы «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде кестелі сөзбен былай өрнектеген:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Немесе «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деп басталатын өлеңінің соңғы шумағын қарап көрейік:

*Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

Профессор Т. Рысқалиевтің пікірі бойынша: «Адам қалай толық жетілген тұлға болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – дейді. Тағы бір жерде: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», – деп өз ойын нақтылай түседі. Адамның басқа қасиеттері осыдан шығады. «Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек, харекет қылмақ, жүгірмек. Ақылмен ойлап сөйлемек», – деп, Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді. Батыс философиясында ақыл туралы көп айтылады. Қайратқа, практикалық ақылға, дүниені өзгертуге көп мән беріледі. Бірақ классикалық, ғылыми философияда жүрек туралы сөз болмайды. Тек бір тамаша ойшыл Блез Паскаль таным құралдарының

қатарына ақыл, парасатпен бірге жүректі қосады. «Біз ақиқатты ақыл арқылы ғана емес, жүрек арқылы да тани аламыз», – деп жазады. Жүрек нені тани алады? Сыртқы дүниені ме? Жоқ. Адам өмірінің қырлары мен сырларын. Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Бұл арада біз тағы да Абаймен бірге әлемдік философия деңгейіне шыға аламыз. Абайда даналық деген атына сай келетін нағыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз. Бір ғажабы – Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Бұлар «өзім білемдікке», «әлім жеттікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін. Адам өмірінде бәрі жүректің әмірімен, қалауымен болады дейді. Құдайды қалайтын – жүрек. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің қалауы. «Әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық» – бәрі де жүректен шығады (он жетінші сөз). «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі. Ар-ұяттың бір ақыл күзетшісі» – деген де Абай. Абай ақылдың жайын терең түсінеді. Ақылды адам сөзге ден қояды, сөзді ұғады. Ақылсыз адам, керісінше, «сөзге ынтасыз» болып келеді. «Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді...» – дейді» [4].

«Ұлттық мәдениетті дамытуда материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын ұлттың мәңгі негіздері мен көздері ретінде дамыту, Батысқа көзсіз еліктеуге байланысты туындаған мәселелер, т.б. қазіргі қазақ қоғамындағы ұлт мәдениетін қалыптастыруға қатысты дінге де назар аударудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Әрине, толық өркениетті елдің бірден-бір критерийі дін бола алмайды [5, 282]. Дегенмен, «Батыс адамы дүниемен, табиғатпен, өзі сияқты басқалармен күресуде. Шығыс адамындағы күрес пафосы – керісінше; ол өзімен-өзі, өзіндегі толымсызбен күреседі» [6], – деген сияқты тұжырымдар негізсіз емес.

Сонымен, нәтижеге де келіп жеттік. Яғни Ғылым мен білімді меңгерген адам «Толық адам» болады екен.

Білім мен ғылым мәселесінің өзектілігі күн тәртібінен түспейтінін ҚР Президенті Қ. К. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтады: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу,

алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу» [7].

Академик З. Ахметовтың «Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл творчествосының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім артады» [8, 75 б.] деген пікірі де сөзімізді нақтылай түседі.

Бұл пікірді, Абай шығармаларының тілін арнайы қарастырған академик Р. Сыздықтың «Азаматтық сипаттағы оқу-ағарту мен ғылым-білімге қатысты сөздер Абай өмір сүріп, жазушылық құрған ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ тілі тарихында маңызды рөл атқарған мәдени факторлардың бірі – білім тарату ісі болды. Мұның өзі екі түрлі: діни және дүниәуи, яғни азаматтық (орысша светское, гражданское образование). ... Сондықтан Абай лексикасынан азаматтық уклондағы оқу-ағартуға және жалпы білім-ғылымға байланысты көне-жаңа едәуір сөзді тауып, талдауға болады, – деп, Абай Құнанбайұлы шығармаларында кездесетін білім-ғылымға байланысты *мектеп, школ, медресе, оқу, интернат, ұстат (ұстаз), шәкірт, білім, ғылым, ғалым, хакім, сабақ, жазу, хат, тұркітану, кітап, қаріп, қалам, сия, қағаз т.б.* білім-ғылымға қатысты сөздерге толықтай лексикалық талдау жасайды [9, 217–225 б.].

Жалпы ғылым дегеніміз не деген сұраққа жауап іздер болсақ, Түсіндірме сөздіктерде: «Ғылым (лат. scientia – білім) – уақыт пен кеңістікте бар, зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын объективті түсіндіретін, эксперимент пен бақылауға негізделіп, математикалық есептеуді қолданып, жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы. Жалпы тұрғыда ол жүйелі білім мен ғылыми тәжірибені меңзесе, ал, арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық білім жүйесін көрсетеді. Яғни, ғылым ғылыми білімдерді ғана емес, сол білімдерге қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе», – деп түсіндірілген [10, 183 б.].

Яғни Ғылым деген сөзді латын тілінен аударса, білім деген сөзбен түсіндіріліпті. Абай Құнанбайұлының Бірінші Сөзіндегі: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсінде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік», – деп,

ғылым туралы ойын айтып алады. Ал Отыз сегізінші Сөзінде: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады», – дейді. Яғни әр нәрсенің түбін, кереметін білмекке деген ынтаның өзі, сөздікте түсіндірілген: «зерттеуге болатын шыннайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын жайында жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы» деген анықтаманы басқаша түсіндіру деп есептейміз.

Қорытынды

Сонымен, мақаламызды қорытындылай келе айтарымыз, Абай Құнанбайұлының еңбектері бойынша Ғылым мен білімге қатысты тезаурустық түзілімді мынадай мағыналарда қолданылады: Ұлы ойшыл-ақын үшін Ғылым мен білім дегеніміз не, яғни оған қандай анықтама беруге болады? Ары қарай, анықтамасын біліп алғаннан кейін Ғылым мен білімге қол жеткізудің жолдары, Зерттеудің әдістері, Ғылымның салалары, Ғылым мен білім нәтижесі, Ғылым мен білімді сақтау жолдары, Ғылым мен білімді сақтауға кесірін тигізетін нәрселер мен Ғылым деген кім деген мәселелердің ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының Қара сөздері мен өлеңдері арқылы түсіндіруге болады деп ойлаймыз.

Біз бұл мақаламызда Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің пәні мен нысанын және оның қандай мақсатта пайдалануға болатынын қарастырдық.

Ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттық әдеби тілдің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған және өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерінде Ғылым мен білімнің алар орны ерекше.

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № АР09259039 «Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы»).

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Бөкейхан, Ә.** Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы: [Электронды ресурс] <https://abai.kz/post/12396>

2 **Байтұрсынұлы, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

3 Абай тілі сөздігі. – Алматы : Өнер, 2011. – 616 б.

4 **Рысқалиев, Т.** Абай жолымен жүрген ел озады: [Электронды ресурс] – https://www.inform.kz/kz/abay-zholymen-zhurgen-el-ozady-tilekzhan-ryskaliyev_a3606402

- 5 **Манкеева, Ж.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 6 **Хамидов, А.** Шығыс және Батыс : дүниелік қатынас және дүниетаным / А. Хамидов // Шаһар. – 1993. – № 1. – Б. 11.
- 7 **Тоқаев, Қ. К.** Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан: [Электронды ресурс] – www.Akorda.kz
- 8 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі. – Алматы : Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 9 **Сыздықова, Р.** Абай шығармаларының тілі. – Алматы : Ел-Шежіре, 2014. – 384 б.
- 10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк–Пресс, 2008. – 968 б.

REFERENCES

- 1 **Bökeihan, Ä.** Abai (Ibrahim) Qūnanbaiūly [Abay (Ibrahim) Kunanbayuly] [Electronic resource] – <https://abai.kz/post/12396>
- 2 **Baitürsynūly, A.** Qazaq tıl bılıminıñ мәseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Abzal-AI, 2013. – 640 p.
- 3 Abai tılı sözdıgı [Dictionary of the Abay language]. – Almaty : Öner, 2011. – 616 p.
- 4 **Rysqaliev, T.** Abai joly men jürgen el ozady [The country that follows the path of Abay is ahead] : [Electronic resource] – https://www.inform.kz/kz/abay-zholymen-zhurgen-el-ozady-tilekzhan-ryskaliev_a3606402
- 5 **Mankeeva, J.** Qazaq tıl bılıminıñ мәseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Abzal-AI, 2014. – 640 p.
- 6 **Hamidov, A.** Şyğys jäne Batys: dünüelik qatynas jäne dünüetanym [East and West : worldview relations and worldview]. / A. Hamidov // Şahar. – 1993. – №1. – P. 11.
- 7 **Toqayev, Q. K.** Abai jäne ХХІ ғасырдағы Qazaqstan [Abay and Kazakhstan in the ХХІ century]: [Electronic resource] – www.Akorda.kz
- 8 **Ahmetov, Z.** Abaidyñ aqyndyq әlemi [The poetic world of Abay]. – Almaty : Ana tılı, 1995. – 272 p.
- 9 **Syzdyqova, R.** Abai şyğarmalarynyñ tılı [Language of Abay’s works]. – Almaty : El-Şejire, 2014. – 384 p.
- 10 Qazaq tılınyñ түsındırme sözdıgı [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty : Daik-Press, 2008. – 968 p.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*К. К. Сарекенова

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан
Материал баспаға 13.06.22 түсті.

ТЕЗАУРУСНЫЙ АНАЛИЗ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ

В данной статье проведен тезаурусный анализ науки и образования в произведениях великого казахского поэта Абая Кунанбайұлы и раскрывается то, что поэт является философом, который прекрасно обладал знаниями и наукой и распространял знания и науку в своем родном крае. Абай Кунанбайұлы подчеркнул, что наука и знание не просто должны быть качественными, а задали ему определенную задачу и обозначили две главные цели в изучении знания и науки. Одной из них является то, что основная концепция произведений Абая необходима для того, чтобы быть «совершенным человеком», другой - чтобы служить независимости казахов через знание и науку. Выводы, касающиеся науки и образования, приведенные в произведениях Абая Кунанбайұлы, изучаются в сопоставлении с тем, что в настоящее время остаются актуальными и сегодня. В работах Абая Кунанбайұлы проведен тезаурусный анализ слов, относящихся к образованию и науке, приведены статистические данные по их значениям и частоте употребления. В заключение следует отметить, что вопросы знаний и науки занимают особое место в трудах Абая Кунанбайұлы, в которых отражены национальное самосознание, мир, быт, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух. Статья написана в рамках научного проекта «AP09259039 – поэтический тезаурус стихов Абая», финансируемого грантом МОН РК.

Ключевые слова: казах, Абай Кунанбайұлы, слова назидания, поэма, образование, наука, значение слова.

*К. К. Sarekenova

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 13.06.22.

**THESAURUS ANALYSIS OF THE WORKS
OF ABAY KUNANBAYULY**

In this article, a thesaurus analysis of the results of science and education based on the works of the Kazakh poet Abay Kunanbayev and reveals that the poet is a philosopher who perfectly possessed knowledge and science and spread knowledge and science to his native land. Abay Kunanbayuly stressed that science and knowledge should not just be literate, but set a specific goal for him and outlined two main goals in the study of knowledge and science. One of them is that the basic concept of Abay's works is necessary in order to be a «perfect person», the other is to serve the independence of the Kazakhs through knowledge and science. The conclusions concerning science and education presented in the works of Abay Kunanbayuly are studied in comparison with the fact that at present issues that were not included in the agenda remain relevant. In the works of Abay Kunanbayuly, a thesaurus analysis of words related to education and science is carried out, statistical data on their meanings and frequency of use are given. In conclusion, it should be noted that the issues of knowledge and science occupy a special place in the works of Abay Kunanbayuly, which reflect national identity, world, life, life, worldview, character, soul, religion, mentality, language, spirit. The article was written within the framework of the scientific project «AP09259039 – Poetic thesaurus of Abai's poems», funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: kazakh, Abay Kunanbayuly, words of edification, poem, education, science, meaning of the word

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
2,19 МБ RAM
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.
Электронное издание
2,19 МБ RAM
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz